

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы
ректорының м.а.
04.09.2024 ж. № 06-01-25/15
бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы сот төрелігі Академиясының оқу-әдістемелік Кеңес туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Жанындағы Сот төрелігі академиясының оқу-әдістемелік Кеңесі туралы осы Ереже (бұдан әрі – ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен бекітілген әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының оқу - әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - ОӘК) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) алқалы басқару органы болып табылады.

3. ОӘК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасын, Академия Жарғысын, Ғылыми кеңестің шешімдерін, Академия ректорының бұйрықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. ОӘК мақсаттары мен міндеттері

4. ОӘК мақсаты Академияның оқу-әдістемелік қызметін жоспарлау және үйлестіру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру процесінде білім сапасын қамтамасыз ету, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды жүзеге асыру болып табылады.

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) академиядағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;

2) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;

3) білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және

ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;

4) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;

5) біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;

6) білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

7) педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру, профессорлық-оқытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОҚ) біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмысты үйлестіру;

8) білім беру процесін және ғылыми зерттеулерді басқарудың автоматтандыру жүйесін дамыту.

3. ОӘК қызметінің негізгі бағыттары

6. ОӘК қызметінің негізгі бағыттары:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыру;

2) академияны әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;

3) пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау;

4) академиядағы оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

5) Академияның әдістемелік еңбектерінің, ғылыми-әдістемелік конференцияларының, семинарларының материалдарының басылым жоспарларына сараптама ұйымдастыру және өткізу;

6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық тасығыштарда және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;

7) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және оқытушыларға практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарастыру;

8) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;

9) тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын сараптауды ұйымдастыру;

10) оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын және білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін талқылау;

11) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

4. ОӘК қалыптастыру және жұмыс тәртібі

7. ОӘК құрамына академияның вице-ректоры, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруға жауапты Академияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, оқытушылар, Академияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді. ОӘК құрамы Академия Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8. ОӘК қызметіне басшылық етуді Төраға-академия вице-ректоры жүзеге асырады. ОӘК төрағасының ОӘК мүшелерінің қатарынан тағайындалған болады. Төраға болмаған кезде міндеттерін төраға орынбасары атқарады.

9. ОӘК мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

10. ОӘК жұмысы ОӘК отырысында қабылданған және Академия ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. ОӘК отырысы айына кемінде бір рет өткізіледі.

12. Ұйымдастыру жұмысты ОӘК хатшысы орындайды. Хатшы отырыстарға материалдар дайындауды қамтамасыз етеді, отырыс хаттамаларын жүргізеді, ОӘК мүшелеріне ОӘК жұмысы басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей отырыстың күні мен күн тәртібі туралы хабарлайды.

13. ОӘК шешімі, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

14. ОӘК отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша ұсыныстары қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. ОӘК отырысының хаттамалары мен шешімдеріне ОӘК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

15. ОӘК төрағасы жылына бір рет Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында қызмет нәтижелері туралы есеп береді.

16. ОӘК әрбір мүшесі ОӘК-ның барлық отырыстарына, оның жұмысына белсенді қатысуы, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауы, ОӘК отырысының шешімдерін Академияның оқытушылары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне жеткізуі тиіс.

17. ОӘК қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруға жауапты Академияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы жүзеге асырады.

5. ОӘК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

18. ОӘК мүшелері құқылы:

1) ОӘК талқылауына оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың, оқу процесін ұйымдастырудың, ПОҚ біліктілігін арттырудың, сот жүйесі кадрларын даярлаудың, қайта даярлаудың, біліктілігін арттырудың әртүрлі мәселелерін шығару;

2) Академияның құрылымдық бөлімшелерінде ОӘК отырысында қаралатын мәселелерге қатысты және оларды зерделеу және/немесе ОӘК шешімдерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды алуға.

19. ОӘК мүшелері міндетті:

1) ОӘК жұмысына қатысу, осы Ережемен белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ету;

2) өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындау;

3) ОӘК отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда, ол басталғанға дейін ОӘК төрағасын хабардар етуге, сондай-ақ үш күн ішінде қаралатын мәселелер бойынша ұсыныстарды жазбаша түрде жіберуге міндетті.